

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Темір ауданының білім бөлімі» ММ
«Зере» бөбекжай-
балабақшасы МКҚК
Кенкияқ ауылы



ГККП «Детский ясли-сад «Зере»
ГУ «Отдел образования Темирского
района управления образования
Актюбинской области»
село Кенкияк

Бұйрық №121

15.09.2023

Кенкияқ ауылы

Қамқоршылық кеңес туралы:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағы,
«Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін
бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы және қараша №3-18-5/3693-И
хаты және Темір аудандық білім беру бөлімі басшысының 13.04.2021 жылғы №31
бұйрығы негізінде «Зере» балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің құрамы құрылсын.
2. Төмендегі тізімде Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін.

Төрайымы: Тілегенова Ш.Б

Мүшелері:

Жангожина Роза

Жаксыликова Баян

Бекмаганбетов Баян

Ахмецина Айтөре

Камбаева Гүлжан

3. Қамқоршылық кеңесіне жауапты маман болып тәрбиеші

Қаржаубаева Д., Рахова Г. бекітілсін.

МКҚК «Зере» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі **А.Ж. Ермухамедова**





Бекітілді:

«Зере» бөбекжай-балабақша
менгерушісі м.а: Ермухамедова А.Ж
қыркүйек 2023 жыл

**«Зере» бөбекжай-балабақша мектепке дейінгі ұйымының
Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Жұмыс жоспары	Мерзімі	Жауапты
1.	1 отырыс Қамқоршылық кеңесі жұмыс жоспарын бекіту. Шығып кеткен кеңес мүшелерінің орнына жаңа мүшелер қабылдау жұмыстары. 2.2023 жылға ас мәзірін бекіту.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңес
2.	2 отырыс 1.ҚР «Білім туралы» заңының 64 бабына сәйкес балабақшаның материалдық-техникалық-базасын жақсарту жұмыстары. 2023 жылдың жартыжылы бойғы қаржылық есебі. 2.Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету жолдарын қарастыру	Қаңтар	Қамқоршылық кеңесі. менгерушісі м.а: Ермухамедова А.Ж
3	3 отырыс. 1.Балабақша аумағын көктемгі тазалау жұмыстарына қатысу 2.Балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруға көмек беру	Сәуір	Қамқоршылық кеңесі.
4	4 отырыс. 1. Қамқоршылық кеңесінің жыл бойына жасаған жұмыстарын қорытындылау. 2. Балабақша менгерушісі м.а: Ермухамедова А.Ж 2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысы және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп.	Тамыз	Қамқоршылық кеңесі.

Қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Өткізілген орны: МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 15.09.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжатымен танысу
2. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын құру және бекіту.
3. «Зере» бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерді тамақтандыру бойынша он күндік ас мәзірін талдау

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі м.а Ермухамедова А.Ж қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі және құрамы туралы түсінік беріп өтті.
2. Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес мүшесі Тлегенова Ш.кеңестің 2023-2024 жылдарға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды, жоспар қамқоршылық кеңес мүшелері арасында талқыланып, бекітілді.
3. Үшінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Алинова М.К балабақша балаларының тамақтануын ұйымдастыруға арналған 10 күндік ас мәзірімен таныстырды. Тамақтану режимі бойынша 5 реттік тамақтану, (таңғы ас, 2 таңғы ас, түскі ас, түстен кейінгі ас және кешкі ас) ас мәзірі 10 күн сайын қайталанып отыратынын айтып өтті. Әр балаға тиесілі тамақ мөлшері (гр) таныстырылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері ас мәзірінің жоспарымен толықтай танысты.

Қаулы:

Жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын және қадағалансын.

Балабақшадағы 10 күндік ас мәзірі қамқоршылық кеңес мүшелерімен келісілді.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Тлегенова Ш. Тлегенова Ш.

Хатшы: Рахова Г.Н. Рахова Г.Н

Мүшелері: Жангожина Роза Жангожина Роза

Жақсылықова Баян Жақсылықова Баян

Ахмещина Айтгөре Ахмещина Айтгөре

Камбаева Гулжан Камбаева Гулжан

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Өткізілген орны: МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 11.01.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның материалдық базасын жетілдіруге көмек беру.
2. Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету жолдарын қарастыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі м.а Ермухамедова А.Ж кеңес мүшелеріне 2023 жылда бюджеттен бөлінген қаржының есебі туралы баяндады. Бөлінген қаржы балабақшамыздың шаруашылық жұмыстарға қажетті гигиеналық құралдар алынғандығын мәлім етті.

2. Екінші мәселе бойынша, кеңес төрайымы Тлегенова Ш. кеңестің 2023-2024 жылдарға арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету жолдарын қарастыру мақсатында, өтініш берушінің (отбасының) жекелеген санатқа жататындығын растайтын анықтама (қаулы) қарастырғанын айтты.


Қаулы:


1. Балабақшаның материалдық техникалық базасын дамытуды жалғастыру
2. Аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету жолдарын қарастыру.


Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Тлегенова Ш.

Хатшы:  Каржаубай Д.С

Мүшелері:  Жангожина Роза

 Жақсылықова Баян

 Ахметина Айтөре

 Камбаева Гулжан

Қамқоршылық кеңес отырысының

№3 хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Өткізілген орны: МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 15.08.2024ж

Күн тәртібінде:

1. Балабақша аумағын көктемгі тазалау жұмыстарына қатысу
2. Балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмысты ұйымдастыруға көмек беру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі м.а Ермухамедова А.Ж сөз алып, балабақшада көктемгі тазалау жұмыстары жүргізілгендігін айтты. Балабақша аумағын көркейту, алдағы уақыттағы абаттандыру жұмыстары туралы кеңінен тоқталды. Қазіргі таңдағы екі айлық сенбілік жұмыстары туралы айтылды. Бұл сенбілікке әр адамның қатысуы, балабақшаның көркейіп, таза болуына қосқан зор үлесі.


2. Екінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңес мүшесі Жангожина Р балалар болашағы біздер үшін аса маңызды, олардың жазғы сауықтыру кезеңінде уақытты қызықты, әрі тиімді өткізулері үшін өз үлесімді қосамын, сіздерді де шақырамын.


Қаулы: Балабақша аумағын тазалау жұмыстары жұмыстары жүргізілсін.


Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Тлегенова Ш.

Хатшы:  Каржаубай Д.С

Мүшелері:  Жангожина Роза

 Жақсылыкова Баян

 Ахмедица Айтөре

 Камбаева Гулжан

Қамқоршылық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Өткізілген орны: МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Өткізілген күні: 23.05. 2024 ж

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жыл бойына жасаған жұмыстарын қорытындылау.
2. Балабақша меңгерушісі м.а Ермухамедова А.Ж 2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысы және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп.


Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақшаның қамқоршылық кеңес төрайымы Тлегенова Ш.сөз алды. 2023-2024 оқу жылында қамқоршылық кеңесінің жоспары негізінде атқарылған жұмыстар бойынша тоқталды. Оқу жылының басынан бастап қамқоршылық кеңес балабақша мерекелік іс-шараларға және акцияға белсене қатысты, аз қамтылған отбасы балаларына арналған «Жүректен жүрекке» акциясын ұйымдастырып, сыйлықтар тарту еткендігі жөнінде айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі .а Ермухамедова А.Ж айтты. Ағымдағы оқу жылында оқу-тәрбие процесі және материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Ең бастысы балалар өміріне қауіпсіз болуына қатаң талап қойылатынын, күнделікті қолдануда балаларға оқу құралдары мен дидактикалық материал, ойыншықтар, баланың тұлғалық дамуына, танымдарын арттыруға жасақталып, әр топ балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталғандығы, мемлекеттік стандартқа сай жиһаздардың, дамытушы орталықтардың жасақталғандығы жөнінде тоқталды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықты дәріптеу мен балалардың бойына сіңіруде, ата-аналар мен балабақша арасында ынтымақтастықты нығайту мақсатында іс-шаралар өткізілді. Балабақшада «Бестемше ұлттық ойыны», «Асық», «Теннис» үйірмелері жұмыс жасайтығын атап өтті. Материалдық-техникалық базаны нығайту жұмыстары қажетінше жүргізіліп жатқандығына тоқталып өтті.


Қаулы:

1. Балабақшаның материалдық техникалық базасын дамытуды жалғастыру
2. «Гүлдене бер балабақшам» акциясына қатысуды ұйымдастыру


Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Тлегенова Ш.

Хатшы:  Рахова Г.Н

Мүшелері:  Жангожина Роза

 Жаксылыкова Баян

 Ахмедина Айтөре

 Камбаева Гулжан